Нұрғазы Шыңғыс Әскербекұлының «8D04101 - Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттік басқару: әдістеме және тәжірибе» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	8D04101 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған Нұрғазы Шыңғыс Әскербекұлының «Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттік басқару: әдістеме және тәжірибе» диссертациялық зерттеуінің тақырыбы мемлекеттік бағдарламалар басым бағыттарына сәйкес келеді. 2) Диссертация келесі бағдарламалар аясында орындалды: 1. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы. ҚР Үкіметінің 12.10.2021 жылғы № 732 қаулысы. 2. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы. ҚР Үкіметінің 30.12.2021 жылғы № 960 қаулысы. 3. Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы. ҚР Үкіметінің 28.03.2023 жылғы № 270 қаулысы.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық зерттеудің нәтижелері ғылымға айтарлықтай үлес болып табылады, экономикалық ғылымның дамуына үлес қосады және оның өзектілігі негізделген. Диссертацияда ұсынылған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар «аз қамтылған отбасылардың әл-ауқатын азық-түлік қауіпсіздігі арқылы арттыру және мемлекеттік реттеу тетіктері» мәселесін зерттеуде тың ғылыми көзқарас қалыптастырады. Зерттеу жұмысы қойылған

			мақсаттар мен міндеттерге толық сәйкес келеді, сондай-ақ оның ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы айқын көрініс тапқан. Сонымен қатар, әл-ауқат деңгейіне ықпал ететін негізгі факторлар: азық-түлік қауіпсіздігі, мемлекеттік қолдау шаралары, төзімділік (resilience) және аймақтық ерекшеліктер — кешенді түрде айқындалып, олардың өзара байланысы ғылыми тұрғыда негізделген. Зерттеу барысында аз қамтылған отбасылардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мемлекеттік реттеу құралдарын жетілдіру бойынша нақты практикалық ұсыныстар әзірленген. Бұдан бөлек, Good Governance Theory мен Resilience Theory қағидаттарына сүйене отырып ұсынылған зерттеу моделі ғылыми жаңалық ретінде бағаланып, осы бағыттағы ғылыми әдебиеттегі белгілі бір олқылықтың орнын толықтыруға ықпал етеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық зерттеуін жоғары ғылыми деңгейде жүзеге асырған. Жұмыста алынған теориялық және практикалық нәтижелер мен қорытындылар автордың ғылымға қосқан жеке үлесінің айқын дәлелі болып табылады. Автормен тәуелсіз зерттеу нәтижесінде: 1) Отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге жүйелі библиометриялық және теориялық шолу негізінде азық-түлік қауіпсіздігіне, адамның әл-ауқатына және тұрақтылығына қатысты негізгі тұжырымдамалық тәсілдер мен даулы мәселелер анықталды; 2) Шет мемлекеттердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік басқару тәжірибесі талдалданған, институционалдық ерекшеліктері, қалыптасу алғышарттары мен негізгі ықпал ету факторлары анықталған және олардың Қазақстан жағдайында бейімделу және қолданылу әлеуеті бағаланған.

			3) Қазақстандағы төмен табысты үй шаруашылықтарын эмпирикалық зерттеуге арналған әдіснамалық негізді әзірленген, оның шеңберінде деректерді жинау құралдары, іріктеу шеңбері мен стратегиясы, сондай-ақ деректерді талдаудың статистикалық және эконометрикалық әдістерін ғылыми тұрғыдан негізделген. 4) Азық-түлік қауіпсіздігі мен төмен табысты отбасылардың әл-ауқаты арасындағы өзара байланысты эмпирикалық тұрғыдан зерттеу, бұл байланыста төзімділіктің медиаторлық рөлін және мемлекеттік қолдау шараларының модераторлық әсерін көпфакторлы модельдер негізінде бағалау. 5) Жүргізілген теориялық және эмпирикалық талдау нәтижелері негізінде ғылыми негізделген қорытындылар мен ұсыныстар әзірленген, азық-түлік қауіпсіздігін арттыруға және төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған мемлекеттік саясат пен әлеуметтік қолдау бағдарламаларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар келтірілген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі жан-жақты және жеткілікті деңгейде негізделген. Оның маңыздылығы Қазақстанда да, жаһандық деңгейде де аз қамтылған отбасылардың әл-ауқаты, азық-түлік қауіпсіздігі және осы саланы мемлекеттік реттеу мәселелерінің өзектілігімен айқындалады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды **1) айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын толық ашып, қойылған ғылыми мәселелерді шешуге және зерттеу бағытына қатысты негізгі сұрақтарға жауап беруге бағытталған. Жұмыстың құрылымы зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сай қалыптасып, логикалық тұтастықпен сипатталады. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес	Диссертациялық жұмыста айқындалған мақсат пен міндеттер зерттеу тақырыбының мазмұнымен өзара үйлесімді және оны

		келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	толық қамтиды. Зерттеу барысында қойылған міндеттер өзара байланысты түрде, логикалық жүйелілікпен шешіліп, нәтижесінде негізгі мақсатқа қол жеткізу қамтамасыз етілген. Диссертация құрылымы зерттеу логикасына сәйкес қалыптастырылып, әрбір қарастырылған аспект бірізділікпен ашылған. Жұмыстың басты бағыты – азық-түлік қауіпсіздігін нығайту арқылы халықтың, әсіресе төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқатын жақсарту, сондай-ақ осы саладағы мемлекеттік басқару мен реттеу тетіктерін ғылыми тұрғыдан зерделеу және оларды жетілдіру жолдарын негіздеу болып табылады.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;** 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыс құрылымы мазмұндық және логикалық жағынан біртұтас жүйе ретінде қалыптастырылған. Автордың зерттеуі бөлімдерінің өзара сабақтастығымен ерекшеленіп, тұжырымдары мен қағидалары үйлесімді байланысқан, дербес әрі толық аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Жұмыста ұсынылған ғылыми қорытындылар, алынған нәтижелер мен практикалық ұсыныстар зерттеудің алға қойылған мақсаттары мен міндеттерімен толық үндеседі.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; **2) талдау жартылай жүргізілген;** 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Докторанттың тиімді Good Governance Theory (GGT) және Resilience Theory (RT) тұжырымдамаларын біріктіру үшін ұсынған әдістері әдебиеттерді жан-жақты шолу және қолданыстағы тәсілдерді библиометриялық талдау арқылы ғылыми негізделеді. Халықтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік басқару процестеріндегі әртүрлі елдердің тиімді институционалдық тәжірибесі жүйеленген. Жұмыстың қорытынды бөлімінде докторанттың тұжырымдары жинақталып, қорытындылар жасалады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа;	Ғылыми нәтижелер мен принциптер мүлдем жаңа: 1 – ші ереже-ішінара жаңа (75% жаңа). Жүргізілген кең көлемді теориялық және библиометриялық талдау нәтижесінде Good

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Governance Theory (GGT) мен Resilience Theory (RT) қағидаттарын біріктіретін интеграциялық теориялық-әдістемелік платформа әзірленді. 2 – ші ереже-ішінара жаңа (75% жаңа). Зерттеу барысында Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігі мен төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқаты арасындағы байланысты сандық тұрғыдан бағалайтын авторлық құрылымдық модель әзірленіп, эмпирикалық түрде сыналды. 3 - ші ереже -ішінара жаңа (75% жаңа). Жүргізілген эмпирикалық зерттеу нәтижесінде азық-түлік қауіпсіздігі – төзімділік – әл-ауқат – мемлекеттік қолдау арасындағы құрылымдық қатынастарды түсіндіретін жаңа тұжырымдамалық-эмпирикалық үлгі ұсыныды 4 – ші ереже -ішінара жаңа (75% жаңа). Зерттеу міндеттеріне сәйкес шетелдік озық тәжірибеге негізделген, Қазақстан жағдайына бейімделген азық-түлік қауіпсіздігін басқарудың тиімді институционалдық және ұйымдастырушылық үлгілер жүйесі ұсынды. 5 - ші ереже-ішінара жаңа (75% жаңа). Алынған теориялық және эмпирикалық нәтижелер негізінде Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін нығайту, басқару құрылымдарын жетілдіру және мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдалану арқылы төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған дәлелге негізделген кешенді басқарушылық ұсыныстар жүйесі әзірленді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? **1) толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Қорытындылар жаңа және автордың диссертациялық жұмыс аясында жүргізген тәуелсіз зерттеулерінің нәтижелеріне негізделген. Зерттеу мақсаттары, қойылған мақсаттарға жету үшін шешілген мәселелер қисынды және айқын тұжырымдалған, гипотезалар мен ұсыныстар ғылыми және жаңа болып табылады.

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? **1) толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ш.Ә.Нұрғазының диссертациясында ұсынылған экономикалық және технологиялық шешімдер жаңа.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша)	Қорытындылар азық-түлік қауіпсіздігі, аз қамтылған үй шаруашылықтарының әл-ауқаты, тұрақтылық, мемлекеттік қолдау шараларының өзара ықпалына баса назар аудара отырып, шетелдік және отандық басылымдардың теориялық және библиометриялық ғылыми көздерін зерделеу арқылы толық негізделген. Сондай-ақ, қорытындылар қоғамның азық-түлік қауіпсіздігін дамытудың заңнамалық бағдарламаларының құжаттарымен негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; **2) жоқ** 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; **3) кең**	1-ЕРЕЖЕ. Азық-түлік қауіпсіздігі, төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқаты, төзімділік және мемлекеттік қолдау арасындағы өзара байланыстарды жүйелі сипаттайтын жаңа теориялық-парадигмалық платформа ұсынылу: 7.1 дәлелденді; 7.2 тривиальды емес; 7.3 жаңа; 7.4 қолдану деңгейі кең; 7.5 мақалаларда дәлелденген. 2-ЕРЕЖЕ. Әртүрлі елдердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оны мемлекеттік басқару саласындағы тиімді институционалдық жүйелі тәжірибесін талдау, сол негізде Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған салыстырмалы-талдамалық негізделген саясаттық ұсыныстар кешені әзірлеу: 7.1 дәлелденді;

		7.5 Мақалада дәлелденген бе? **1) ия;** 2) жоқ	7.2 тривиальды емес; 7.3 жаңа; 7.4 қолдану деңгейі кең; 7.5 мақалаларда дәлелденген. 3-ЕРЕЖЕ. Қазақстандағы төмен табысты үй шаруашылықтары туралы жиналған эмпирикалық деректерге сүйене отырып, олардың азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-ауқатына әсер ететін факторларды кешенді бағалауға мүмкіндік беретін авторлық құрылымдық модель ұсынылу: 7.1 дәлелденді; 7.2 тривиальды емес; 7.3 жаңа; 7.4 қолдану деңгейі кең; 7.5 мақалаларда дәлелденген. 4-ЕРЕЖЕ. Қазақстан бойынша деректердің негізінде тұрақтылықтың медиаторлық рөлін және мемлекеттік қолдау шараларының модераторлық әсерін растайтын жаңа тұжырымдамалық-эмпирикалық модель әзірлеу: 7.1 дәлелденді; 7.2 тривиальды емес; 7.3 жаңа; 7.4 қолдану деңгейі кең; 7.5 мақалаларда дәлелденген. 5-ЕРЕЖЕ. Эмпирикалық модельдеу нәтижесінде Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыруға және аз қамтылған үй шаруашылықтарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған ғылыми негізделген басқару ұсынымдарының жүйесі әзірлеу: 7.1 дәлелденді; 7.2 тривиальды емес;

			7.3 жаңа; 7.4 қолдану деңгейі кең; 7.5 мақалаларда дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған **1) ия;** 2) жоқ	Дереккөздердің және ұсынылған ақпараттың сенімділігі, әдістемені таңдауы негізделген. Зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: **1) ия;** 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін және компьютерлік технологияларды қолдана отырып деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдана отырып алынды.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): **1) ия;** 2) жоқ	Теориялық тұжырымдар, әзірленген модель қолдану аясы бұрын пайдаланылмайтын критерийлер қалыптастыру мақсаттары үшін азық-түлік қауіпсіздігі мен төзімділікті және мемлекеттік қолдау арқылы әл-ауқатқа әсері дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде дереккөз туралы барлық мәліметтер бар.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз	Диссертацияның зерттеу мәселесі теориялық, әдістемелік және библиометриялық ғылыми дереккөздерді және ресейлік және

			халықаралық авторлардың жарияланымдарын зерттеуге негізделген. Диссертацияда ағымдағы әдебиеттер тізімінен 238 әдебиет пайдаланылған, бұл авторға диссертациялық тақырыпта көтерілген мәселелердің мәнін толық ашуға мүмкіндік береді.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: **1) бар;** 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Диссертацияның бірінші тарауы қоғамдағы азық-түлік қауіпсіздігін басқарудың халықаралық үлгілерінен мысалдар келтіре отырып, азық-түлік өнімдерін мемлекеттік реттеудің теориялық және әдістемелік негіздері бойынша іргелі ғылыми материал бола алады. Диссертациялық зерттеу нәтижелерін оқу үдерісі жүйесінде «Мемлекеттік және жергілікті басқару» бағдарламалар тобының бағыты бойынша оқытушыларды даярлауда пайдалануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: **1) ия;** 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңыздылығы жоғары және алынған нәтижелерді іс жүзінде қолдану ықтималдығы зор, себебі ғылыми нәтижелердің басым бөлігі практикалық жолмен және Қазақстанның нақты жағдайларымен өзара байланыста алынған.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; **2) жартылай жаңа** (25-**75% жаңа болып табылады**); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ұсынылған практикалық ұсынымдар жаңа (75% жаңа) болып табылады және мемлекеттік реттеудің жетілдірілген әдістері негізінде тұрақты азық-түлік қауіпсіздігі жүйесін құруға және халықтың әлеуметтік әл-ауқатының деңгейін көтеруге әлеуеті бар.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; **2) орташа;** 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы орташа. Диссертациялық жұмыс зерттеудің қойылатын талаптарға сәйкес рәсімделген.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертациялық жұмысты рецензиялау барысында мынадай кемшіліктер анықталды: 1. Диссертацияның үшінші тарауының 3.1 бөлімінде Қазақстан Республикасындағы азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейіне және оның 2020–2024 жылдарға арналған қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекеттік реттеу тетіктерімен өзара байланысына бағалау жүргізілген. Аталған зерттеу нәтижелерін	

		диссертацияның аналитикалық бөлімі ретінде екінші тарауға ауыстыру орынды болып табылады. Ал диссертациялық зерттеудің конструктивті бөлімі саналатын үшінші тарауда 2027 жылдан бастап және одан кейінгі перспективаға арналған зерттеу тақырыбы аясында ғылыми негізделген стратегиялық ұсыныстар әзірлеу қажет. 2. Диссертациялық жұмыстың 3-тарауында келтірілген кестелер негізінен ықшамдалған сипатқа ие және азық-түлік тауарларының қаржылық және физикалық қолжетімділігін сипаттайтын коэффициенттерді, индикаторларды және өзге де көрсеткіштерді есептеу әдіснамасындағы динамикалық өзгерістерге жеткілікті деңгейде сандық талдау жүргізуді қамтымайды. 3. 92-беттегі 18-кестеде есептеулердің қандай әдіспен алынғаны түсініксіз, өйткені Қосымшада нәтижелердің мультипликациялық талдау көрсеткіштері бойынша түсіндірмелі есептеулер берілмеген. 4. 3-тарауда автор ұсынған әдістемелер салыстырмалы сипаттамалардың жеткілікті деңгейде ғылыми тұрғыдан негізделмеуімен ерекшеленеді, осыған байланысты оларды қоғамның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үдерістерін мемлекеттік реттеу саласындағы белгілі шешімдермен кешенді түрде салыстырмалы талдау қажеттілігі туындайды. Аталған ескертеулер диссертациялық жұмыстың ғылыми және практикалық құндылығын төмендетпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Диссертациялық зерттеу бойынша 7 жарияланым, оның ішінде Scopus деректер базасына кіретін халықаралық басылымда 1 мақала жарияланды, статистикалық деректер көзінен алынған мақаланың алғашқы деректері диссертациялық жұмыстың сенімділігі мен дәлдігін растайды. ҚР ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 4 мақала жарияланған және мақалалар жұмыстың тәжірибелік маңызын арттырады. Тақырып бойынша 2 мақала халықаралық ғылыми тәжірибелік конференцияларда жарияланған.

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Диссертациялық жұмыс оң бағаға лайық және 8D04101 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық. Нұрғазы Шыңғыс Әскербекұлының «Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттік басқару: әдістеме және тәжірибе», тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «Дәрежелерді беру қағидалары» талаптарына толық сәйкес келеді және оның авторы 8D04101 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық.

Ресми рецензент:
С. Сейфуллин атындағы
Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
Жер ресурстары және сәулет институты
«Кадастр» ББББТ-ның профессоры
экономика ғылымдарының докторы, профессор **Шуленбаева Фая Ахметовна**

"Сөкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Шуленбаева Ф.Ж. қолын растаймын
Әкімшілік департаменті
ӘКІМШІЛІК ДЕПАРТАМЕНТІ